**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ МӘРТӨК АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ-НІҢ "№ 8" "БОЛАШАҚ"БӨБЕКЖАЙ - БАЛАБАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы.Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9желтоқсанда №31053 болып тіркелді. «Білім беру ұйымдарын бағалауөлшемшарттары жөнінде қосымшаға». Қазақстан Республикасы Оқу-ағартуминистрлігі Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбеоблысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 23.10.2024жылғы №18-2-06/2603 хаты негізінде және 2025 жылы 30 мамыр кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңестің (№7 хаттама) шешімі негізінде № 8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы 02.06-30.06.2025 жыл аралығында өзін-өзі аттестаттаудан өтті.

№8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасында МКҚК-да өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу үшін төмендегідей комиссия құрамы бекітілді:

**И.Г. Левченко - меңгеруші:** Аттестаттау комиссиясының жұмысынабасшылық, комиссия мүшелеріне кеңес беру,пед кеңес өткізіп, жұмысын қорытындылау –комиссия төрайымы.

**Р.А. Калдыбаева - әдіскер:** Әдістемелік жұмыс құжаттарын мамандардың, тәрбиешілердің

жұмыстарын қарау. «Балдырған» ортаңғытобының оқу-тәрбие жұмысыныңмазмұны мен әдістерінзерттеу.

**Р.А. Калдыбаева - тәрбиеші:** Кадрларды іріктеу және орналастыру ісжүргізу, педагогтардың біліктілігін көтеружағдайын зерттеу.Оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен әдістерін зерттеу.

**Г.С. Даулова**- медбике : Материалдық техникалық, медициналықәлеуметтік жағдай жасалуы мен медициналыққызмет көрсетуді зерттеу.

**У.А. Кубентаева- тәрбиеші:** Оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны менәдістерін зерттеу.

ACE Scanner

**№8 «Болашақ» мектепке дейінгі ұйымының МКҚК өзін – өзі аттестаттау қорытындысының анықтамасы**

**1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы**

**Өзін – өзі аттестаттаудың мақсаты:** ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкесмектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім берустандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

**1) «Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік (білімберу ұйымдарының толық атауы, құрылған жылы, заңды мекен–жайы,электрондық адресі,телефоны,факсі)**

№8 «Болашақ» бөбекжай - бақшасы» мемлекеттік мекемесі 2008 жылдың 15мамыр айында Мәртөк ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретіндемемлекеттік тіркеуден өткен: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттіккорпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысыбойынша филиалының Мәртөк аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі Заңдытұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы бар. ҚазақстанРеспубликасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның қайта тіркеуденөткенін растайтын құжат болып табылады. Қайта тіркеуден: 2023 жылы 10қазан айында өткен. Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе облысының білімбасқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.Құрылған жылы: 2008 жылы. Заңды мекен-жайы, электрондық адресі,телефоны,

факсі: Индексі 030605, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы,Қаратаусай ауылы, Квиндта көшесі-24 үй, факс телефон 8(71331) 26-9-33, электрондық почтасы: bolahak8@mail.ru

**2) Құрылтайшылар келісімі, білім беру ұйымының жарғысы**

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №469 қаулысыменбекітілген Жарғысы негізінде жұмыс жасайды.

3) Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарламасы бар. Хабарлама №KZ25RVK00004402 . Берілген күні: 04.04.2015ж.

4) **4)** Мектепке дейінгі ұйымның меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар.

PDF Scanner ACE Scanner

Тұрақты жер пайдалану актісі бар, жер учаскесінің қадастырлық нөмері: 02-029-005-262

**5) Медициналық қызмет көрсету және тамақтандыру пунктерімен қамтамасызетілуін растайтын құжаттар;**

Кабинеттің медициналық лицензиясы жоқ.

Бөбекжай- бақшасында медициналық қызметін штаттық кестеге сәйкес 1-медбике атқаруда.

Медбике: Даулова Галия Советовна 21.08.1994 жылы туылған,ұлты-қазақ. Даулова Галия Советовна, Ақтөбе медициналық колледжіне 2012 жылы түсіп-2015жылы бітіріп, "Мейірбике ісі"кәсібі,мамандығы берілген. ТКБ №0682027. Бөбекжай-бақшасында 0,5- бірлік медбике қызметін атқарады.

**Білімі:**

| **Білімі** | **Оқу орны** | **Оқу жылдары** | **Мамандығы** | **дипломның №** |
|---|---|---|---|---|
| орта арнаулы | Ақтөбе медициналық колледжі | 2012-2015ж | "Мейірбике ісі" | ТКБ0682027 |

**Еңбек өтілі:**

| **Жалпы еңбек өтілі** | **мамандығы бойынша** | **Осы мекемеде** |
|---|---|---|
| 7 жыл | 6 жыл | 6 жыл |

Медициналық кабинет екі бөлмеден тұрады. Медицина кабинетінің аумағы – 9,4 ш.м., оқшаулау бөлмесінің аумағы - 12.2ш.м. Медициналық кабинетінде: мұздатқыш-1, дәрі-дәрмекке арналған шкаф-1, үстел - 1, 1-орындық құралдарымен

ACE Scanner

жабдықталған. Оқшаулау бөлмесі: Жер таразысы-1, бой өлшеуіш – 1, үстел жастықты тақтай төсек (кушетка) -1.

**6) Соңғы үш жылдағы сабақ кестелері** Аттестаттау барысында бөбекжай- бақшаның 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының оқу-жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестелері ұсынылды.

2022-2023оқу жылының оқу-тәрбие үрдісі-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндеттістандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген);- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы)(бұдан әрі –Үлгілік оқу жоспары);

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен негізделген жалпыға міндетті стандарты жүзеге асырылған. 2023-2024 оқу жылының оқу-тәрбие үрдісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген);

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы)(бұдан әрі –Үлгілік оқу жоспары);- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

Қазақстан Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен негізделген жалпыға міндетті стандарты жүзеге асырылған. 2024-2025 оқу жылының оқу-тәрбие үрдісі-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген);

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы)(бұдан әрі –Үлгілік оқу жоспары);- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен негізделген жалпыға міндетті стандарты жүзеге асырылған. 2024-2025 оқу жылында вариативтік компонент бойынша алынған

ұйымдастырылған іс-әрекеттері Мәртөк аудандық білім бөлімі сараптау комиссиясының отырысында мақұлданып, Мәртөк аудандық білім бөлімінің 2024 жылғы 02 қыркүйек айының №542 т 1 бұйрығымен бекітілген бағдарламалар

ACE Scanner

негізінде жүзеге асырылады. Топта – 1 сағат «Жас экологтар», Бағдарлама балаларды жан-жақты дамыту, денсаулығын нығайту, қорғау мақсатында кірістірілген. Мектепке дейінгі ұйымның оқу жұмыс жоспарындағы, апталық жүктемедегі шектеулеулер мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

**7) Педагогтар мен қызметкерлердің штаттық кестесі мен лауазымдық нұсқаулықтары**

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штаттық кестесін құруда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы басшылыққа алынған.

**Әкімшілік қызметкерлер құрамы:** меңгеруші -1,0; есепші-0,5; шаруашылық меңгерушісі-0,5;

**көмекші оқыту қызметкерлер құрамы:** әдіскер-жоқ; медбике- 0,5; тәрбиешілер-1,0; тәрбиеші көмекшілері-1,0. Қызметкерлерде вакансия бар. Лауазымдық нұсқаулықтар барлық қызметкерлермен жүргізілген.

2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің

штаттық кестесін құруда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы басшылыкқа алынған.

**Әкімшілік қызметкерлер құрамы:** меңгеруші -1,0; есепші-0,5; шаруашылық меңгерушісі-0,5;

медбике-0,5; тәрбиешілер-1,0 тәрбиеші көмекшілері-1,0. Педагог-психолог маманының орнына уықытша педагог-психолог міндеттерін атқару үшін Даулова Галия Советовна қабылданды.

Лауазымдық нұсқаулықтар барлық қызметкерлермен жүргізілген. 2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штаттық кестесін құруда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы басшылыққа алынған.

**Әкімшілік қызметкерлер құрамы:** меңгеруші -1,0; есепші-0,5; шаруашылық меңгерушісі-0,5; **көмекші оқыту қызметкерлер құрамы:** әдіскер-0,25 вакансия; психолог-0,25 вакансия; медбике- 0,5; тәрбиешілер-1,0 тәрбиеші көмекшілері-1,0 Қызметкерлерде вакансия бар.

**8) Оқу үдерісін ұйымдастыру жөніндегі ішкі басқару құжаттары, ережелер, регламенттер**

PDF Scanner ACE Scanner

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқу үрдісі бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының ішкі әкімдік құжаттарын, режимін, қызметін реттейтін ережелер заңдарға, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы негізінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» мен 2012 жылдың 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған.

**9) Педагогикалық кеңестің, оқу – әдістемелік кеңестің, педагогикалық сағаттың жұмыс жоспарлары мен мәжілістерінің хаттамалары, басқа да құрылымдық жоспарлаушы құжаттамалар**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2020 жылы 02 сәуірдегі №125 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында

педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің ережелері» негізінде жыл бойына жоспарға сәйкес 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылып, материалдар жинақталған. Бөбекжай-бақшасында педагогикалық кеңестің арнайы хаттама кітапшасы бар, әр оқу жылында хаттамалар бір дәптерге жүйелі түрде жазылған, тігілген және бекітілген. Педагогикалық кеңес хаттамалары уақытылы, талапқа сай толтырылып отырылған. Онда педагогикалық кеңестің күн тәртібі жоспарға сай жүргізілген, соған сәйкес қаралған мәселелер бойынша шешім шығарылып, соңынан педагогикалық ұжымның қаулысы қабылданып, қол қойылған. Педагогикалық кеңестер дәстүрден тыс: дөңгелек үстел, тәжірибе-алмасу семинары, семинар-практикум, есеп түрінде өткізілген. Бала өмірін және денсаулығын қорғау шараларының нұсқаулары, нормативтік құжаттардың жүзеге асырылу барысы, педагог мамандардың кәсіби біліктіліктерін арттыру бағыттары бойынша және ішкі еңбек тәртібі, ұйымдастыру жұмыстары мәселелері қаралып, талданған.

Педагогикалық кеңес тақырыптарының мазмұны ақпараттық-коммуникативтік технологияларды интеграциялау арқылы оқу-тәрбие процесін жетілдіру, отбасымен байланыстағы интерактивтік жұмыс түрлерін ұйымдастыру мақсатында ашылған.

Жылдық жоспарда оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу үздіксіз әр оқу жылдары бойы қамтылған.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында дөңгелек үстел, тәжірибе-алмасу семинары, семинар-пактикум, оқу-тәрбие үрдісіндегі ақпараттық-коммуникативтік технологияларды еңгізу арқылы педагогтардың кәсіби деңгейін

ACE Scanner

жоғарлату мақсатында: «Көңіл-күй айнасы», «Әр кашан көңілді жүруге талпынамыз», «Ойын арқылы балалардың қол моторикасын дамыту», «Шығармашылық жанудың алдын алу», педагог мамандармен тренинг жаттығулар.

«Балабақшадағы өзгерістерге баланың бейімделуі», «Гиперактивті баланы қалай тыныштыруға болады?» тақырыптарында кеңестер жүргізілген.

Оқу-әдістемелік кеңес отырыстарында шығармашыл педагогтардың инновациялық бағыттағы жұмыстары: оқу-әдістемелік құралдары, бейімделген бағдарламалар мазмұны талқыға алынған. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша өткізілген оқу тәрбие жұмысына талдау «Жылдық міндеттердің орындалуы» тақырыбында және

жазғы сауықтыру кезеніндегі алынған міндеттермен таныстырылып, келесі оқу жылына негізгі педагогикалық міндеттерді анықтаған.

**10) Білім беру ұйымы тәрбиеленушілерінің контингенті туралы (соңғы үш жылдағы тәрбиеленушілердің жалпы саны, соңғы үш жылдағы мәліметтер)**

## Балалардың жас ерекшелігі:

| Оқу жылдары | Бала саны | 2-жас | 3-жас | 4-жас |
|---|---|---|---|---|
| 2022-2023ж | 39 | 16 | 10 | 13 |
| 2023-2024ж | 30 | 7 | 11 | 12 |
| 2024-2025ж | 25 | 8 | 6 | 11 |

«МКҚМ №8 «Болашақ» мектепке дейінгі ұйымында 1 топ жұмыс жасайды, оқу- тәрбие жұмысы 1 топ мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі.

**11) Лицензиялық норматив бойынша топтардың жасақталуы (жоспардан аса жасақталу пайызы**

Соңғы үш оқу жылында да бөбекжай-бақшасында барлығы - 1 топ болды. Бөбекжай- бақшасының жобалық сыйымдылығы- 50, өзін-өзі аттестаттау кезіндегі бала саны -25.

Бөбекжай- бақшасының жалпы аумағы: 272,6 ш.м. Оның ішінде тәрбиеленушіге оқу процесінде пайлананатын аумағы (ойын, жатын, қабылдау.) – 137ш.м.

**12) Басқа да құжаттар;**

Қабылдау келесідегі құжаттар: электрондық әкімдік жүйесінде құрылған жолдама, баланың денсаулық паспорты, баланың денсаулығы туралы анықтама, өтініш, сәйкестендіру үшін көрсетілетін қызметі алушының (ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаты (түпнұсқа және көшірмесі) негізінде қабылданған. Мектепке дейінгі мекеме және ата-аналар арасында келісім- шарттар жасалған. Балалардың құжаттары топтарға бөлініп, жинақталған.

**Қорытындысы:**

Білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген барлық құжатар бар және талапқа сай. 2023-2024 оқу жылының оқу-тәрбие үрдісі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Білім және ғылым

министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен негізделген жалпыға міндетті стандарты негізінде жүзеге асырылған. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штаттық кестесін құруда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы басшылыққа алынған. Тәрбиеленушілерді қабылдауда «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережелері басшылыққа алынған.

**2. Кадрлар құрамын талдау**

**1) Штаттық кестеге сәйкес білім беру ұйымының педагогтармен қамтамасыз етілуі, вакансияның бар екендігін көрсету;**

PDF Scanner ACE Scanner

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штаттық кестесін құруда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы басшылыққа алынған.

**Әкімшілік қызметкерлер құрамы:** меңгеруші -1,0; есепші-0,5; шаруашылық меңгерушісі-0,5; **көмекші оқыту қызметкерлер құрамы:** әдіскер-жоқ; медбике- 0,5; тәрбиешілер-1,0; тәрбиеші көмекшілері-1,0 Педагогтарда-1,0; 1-педагогқа вакансия болған. Педагог- психолог маманына ваканция болған, ал қызметкерлерде ваканция болмаған, толық қамтылған.

Лауазымдық нұсқаулықтар барлық қызметкерлермен жүргізілген . 2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штаттық кестесін құруда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы басшылыққа алынған.

**Әкімшілік қызметкерлер құрамы:** меңгеруші -1,0; есепші-0,5; шаруашылық меңгерушісі-0,5; **көмекші оқыту қызметкерлер құрамы:** әдіскер-0,25 вакансия; психолог-0,25 вакансия; медбике-0,5; тәрбиешілер-1,0; тәрбиеші көмекшілері-1,0.

Педагогтарда-2 педагогқа вакансия болған. Педагог- психолог маманына ваканция болған, ал қызметкерлерде ваканция болмаған, толық қамтылған.

Лауазымдық нұсқаулықтар барлық қызметкерлермен жүргізілген. 2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штаттық кестесін құруда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы басшылыққа алынған.

**Әкімшілік қызметкерлер құрамы:** меңгеруші -1,0; есепші-0,5; шаруашылық меңгерушісі-0,5; **көмекші оқыту қызметкерлер құрамы:** әдіскер-0,25 вакансия; психолог-0,25 ваканция; медбике- 0,5; тәрбиешілер-1,0; тәрбиеші көмекшілері-1,0; Қазақ тілі педагогы-0,25; Қазақ тілі педагогы тәрбиеші Кубентаева Улжанат Абдиганиевна тағайындалған. Педагогтарда-2 педагогқа вакансия болған,әдіскерде және психологта. Қызметкерлерде ваканция болмаған, толық қамтылған.

ACE Scanner

**Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы;**

2008-2025 оқу жылдың 9-маусымына дейін бөбекжай-бақшаға Левченко Илюзя Галимхановна басшылық етті. Левченко Илюзя Галимхановна зейнеткерлік демалысқа шығуына байланысты Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 111 бабының 1 тармағына сәйкес бұйырамын; 2025 жыл 10 маусым № 02-238 бұйрығына сәйкес бөбекжай-бақша меңгерушісі қызметіне тәрбиеші Кубентаева Улжанат Абдиганиевна меңгерушінің міндетін уақытша атқарушы болып тағайындалды. Кубентаева Улжанат Абдиганиевна, 25.06.1987 жылы туған, ұлтты- қазақ. Білімі орта педагогикалық еңбек өтілі – 4 жыл, осы мекемеде -2 жыл 8 ай. Мамандығы Жоғары көпсалалы "Болашақ" колледжінің "Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі.
Куәлік берілді 2024ж 21.02.-17-07.2024ж дейін Қазақстан Республикасы Халықаралық білім беруді дамыту академиясында оқыды. "Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші"мамандығы бойынша қайта даярлаудың 808 академиялық сағат толық курсынаяқтады.

**Шаруашылық жөніндегі менгерушісі** –Габдуллина Жанаргуль Ерсайнова , 10.09.197 жылы туылған, ұлты-қазақ. Білімі: орта. Еңбек өтілі – 18 жыл, осы балабақшада- еңбек өтілі – 13 жыл. Өрт қауіпсіздігі саласындағы білімдерді тексеру бойынша біліктілік куәлігі бар. «Өрт техникалық минимумы» біліктілік куәлігі № 104. Штат бойынша 0,5 жүктемесі берілген. Бөбекжай- бақшасында шаруашылық бұйымдарын сақтайтын арнайы бөлме бар.

**Есепші қызметін**; Бекмукашева Гульмира Какимова11.06.1986 жылы туылған, ұлты-қазақ. Білімі- Жоғары. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 25.06.2008жыл ЖБ №0083622Мамандығы: 050508-Есеп және аудит. Жалпы еңбек өтілі – 10 жыл. Осы мекемеде – 2 жыл жұмыс жасайды. Бөбекжай- бақшасында штаттық кестеге сәйкес есепші қызметіне -0,5 бірлік берілген.

Барлық атқарушылардың жауапкешілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік мүшелерінің арасында қызметтік міндеттері белгіленген. Меңгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Меңгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген. Мектепке дейінгі ұжымының материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі ұжымда салауатты психологиялық жақсы қарым-қатынас қалыптастырылған.

**2)Берілген пәндерге сәйкес базалық білімі бар тәрбиешілер мен педагогтардың саны**

PDF Scanner ACE Scanner

**Педагогикалық кадрлардың соңғы үш жылдық білім деңгей:**

| Оқу жылдары | Барлық педагогтар | Мектепке дейінгі жоғары білім | Жоғары пед.білім | Мектепке дейінгі арнаулы орта білім | Арнаулы орта білім | Педагогикалық білімі жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2022-2023** | **3** | **1-50%** | **0** | **1-50%** | **1-50%** | **0** |
| **2023-2024** | **3** | **1-50%** | **0** | **2-100%** | **0** | **0** |
| **2024-2025** | **3** | **12-100%** | **0** | **2-100%** | **0** | **0** |

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | Базалық білімі бар педагогтар | Базалық білімі бар педагогтар |
|---|---|---|---|
| 2022-2023 жыл | 3 | 3 | 75% |
| 2023-2024 жыл | 3 | 2 | 100% |
| 2024-2025 жыл | 3 | 3 | 100% |

2022-2023 оқу жылы - 3 педагогтың (75 %) базалық білімі бар;

2023-2024 оқу жылы - 3 педагогтың (50%) базалық білімі бар.

2024-2025 оқу жылы -3 педагогтың (100 %) базалық білімі бар

**2024-2025 оқу жылындағы 2-тәрбиешінің 2-да берілетін пәндерге сәйкесбазалық білімі бар және 100% құрайды.**

PDF Scanner ACE Scanner

## 2022-2023 оқу жылы педагог кадрлар туралы мәлімет

| № | Аты-жөні,тегі | Туған жылы | Қызметі | Білімі | Бітірген оқу орны,жылы, мамандығы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Левченко Илюзя Галимхановна | 04.02.1964ж | меңгеруші | Высшее АГПИ им. Жубанова ЖБ-Б №0411293 от02.07.2012г | “Дошкольное воспитание и обучение” |
| 2 | Левченко Вектория Юрьевна | 28.05.1991ж | тәрбиеші | Актюб. Многопрофильный колледж “Болашак” ТКБ №0685642 | “Дошкольное воспитание и обучение” |
| 3 | Калдыбаева Раушан Акылбековна | 23.02.1995ж | тәрбиеші | ТОО “Колледж Актюбинского Универ. имени С.Биешова. ТКБ№1338317 | Педагог-организатор |

## 2023-2024 оқу жылы педагог кадрлар туралы мәлімет

| № | Аты-жөні,тегі | Туған жылы | Қызметі | Білімі | Бітірген оқу орны,жылы, мамандығы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Левченко Илюзя Галимхановна | 04.02.1964ж | меңгеруші | Высшее АГПИ им. Жубанова ЖБ-Б №0411293 от02.07.2012г | “Дошкольное воспитание и обучение” |

PDF Scanner ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2** | **Кубентаева Улжанат Абдиганиевна** | **25.06.1987ж** | **тәрбиеші** | Жоғары көпсалалы "Болашак" колледжі Куәлік берілді 2024ж 21.02.-17-07.2024ж дейін Қазақстан Республикасы Халықаралық білім беруді дамыту академиясында оқыды. "Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші"мамандығы бойынша қайта даярлаудың 808 академиялық сағат толық курсынаяқтады. Тіркеу нөмері №01-349 | "Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі. |
| **3** | Калдыбаева Раушан Акылбековна | 23.02.1995ж | **тәрбиеші** | ТОО "Колледж Актюбинского Универ. имени С.Биешова. ТКБ№1338317 Куәлік берілді 2024ж 21.02.-17-07.2024ж дейін Қазақстан Республикасы Халықаралық білім беруді дамыту академиясында оқыды. "Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші"мамандығы | Педагог-организатор |

PDF Scanner ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бойынша қайта даярлаудың 808 академиялық сағат толық курсынаяқтады. Тіркеу нөмері №01-347 | |
| 4 | Даулова Галия Советовна | 24.08.1994 | Вакансия педагог-психолог | Ақтөбе медициналық колледжі ТКБ№ 0682027 | "Мейірбике ісі" |

**2024-2025 оқу жылы педагог кадрлар туралы мәлімет**

| № | Аты-жөні,тегі | Туған жылы | Қызметі | Білімі | Бітірген оқу орны,жылы, мамандығы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Левченко Илюзя Галимхановна | 04.02.1964ж | меңгеруші | Высшее АГПИ им. Жубанова ЖБ-Б №0411293 от02.07.2012г | "Дошкольное воспитание и обучение" |
| 2 | Кубентаева Улжанат Абдиганиевна | 25.06.1987ж | тәрбиеші | Жоғары көпсалалы "Болашақ" колледжі<br>Куәлік берілді 2024ж 21.02.-17-07.2024ж дейін Қазақстан Республикасы Халықаралық білім беруді дамыту академиясында оқыды. "Мектепке | "Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі. |

ACE Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дейінгі ұйымдарда тәрбиеші"мамандығы бойынша қайта даярлаудың 808 академиялық сағат толық курсынаяқтады. Тіркеу нөмері №01-349 | |
| 3 | Калдыбаева Раушан Акылбековна | 23.02.1995ж | тәрбиеші | ТОО "Колледж Актюбинского Универ. имени С.Биешова. ТКБ№1338317 Куәлік берілді 2024ж 21.02.-17-07.2024ж дейін Қазақстан Республикасы Халықаралық білім беруді дамыту академиясында оқыды. "Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші"мамандығы бойынша қайта даярлаудың 808 академиялық сағат толық курсынаяқтады. Тіркеу нөмері №01-347 | Педагог-организатор |
| 4 | Даулова Галия Советовна | 24.08.1994 | Вакансия педагог-психолог | Ақтөбе медициналық колледжі ТКБ№ 0682027 | "Мейірбике ісі" |

ACE Scanner

**3) Базалық білімі жоқтәрбиешілер мен педагогтар саны**

№8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасында базалық білімдері жоқ мамандар қызмет атқарған жоқ.

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы да арттырады, бұл: әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара оқу қызметтеріне қатысу, жаңашыл әдістемелік әдебиеттерді оқу, қалалық, облыстық, аймақтық,

республикалық, халықаралық семинарлар-конференцияларға қатысып, өз іс-тәжірибесімен бөліседі.

**4) Мемлекеттік тілде сабақ беретін (мемлекттік тілде тәрбиелеу мен оқыту топтарында жұмыс жасайтын) тәрбиешілердің саны**

Бөбекжай- бақшасында мемлекттік тілде тәрбиелеу мен оқыту топтарында жұмыс жасайтын тәрбиешілер саны - 1.

| № | Аты-жөні | Туған жылы | Қызметі | Білімі | Бітірген оқу орны,жылы, мамандығы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кубентаева Улжанат Абдиганиева | 20.06.1987ж | тәрбиеші, қзақ тілі педагогы | арнаулы орта | Жоғары көпсалалы "Болашақ" колледжінің "Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі. |

PDF Scanner ACE Scanner

**5)Жас құрамы бойынша**

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | 19-30 жас | 30-40 жас | 40-50жас | 50-60 жас | 60-жастан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 жыл | 3 | 2-20% | 0-0% | 0-0% | 1-10% | 0-0% |
| 2023-2024 жыл | 4 | 2-20% | 1-10% | 0-0% | 0-0% | 1-10% |
| 2024-2025 жыл | 4 | 2-20% | 1-10% | 0-0% | 0-0% | 1-10% |

2022-2023 ж. педагогтардың орташа жасы – **40**;

2023-2024 ж. педагогтардың орташа жасы – **45**;

2024-2025 ж. педагогтардың орташа жасы – **45**;

**Еңбек өтілі бойынша**

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | 1- жылға дейін | 1-5 жылға дейін | 5-10 жылға дейін | 10-20 жылға дейін | 20 жылға дейін |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 жыл | 3 | 1-10% | 1-10% | 0-0% | 0-0% | 1-10% |
| 2023-2024 жыл | 4 | 1-10% | 2-20% | 0-0% | 0-0% | 1-10% |
| 2024-2025 жыл | 4 | 0-0% | 3-30% | 0-0% | 0-0% | 1-10% |

**6) Кадрлардың жаңалануы, өсу перспективасы**

**2023-2024оқу жылында жұмыстан кеткен педагог-1**

1) Левченко Вектория Юрьевна- өзеркімен жұмыстан кетті

**2023-2024оқу жылында жұмысқа жаңадан келен педагог-1**

ACE Scanner

1) Кубентаева Улжанат Абдиганиевна

**7)Біліктілік категориясыбойынша педагогтар құрамы**

**Категория алған педагогтар жоқ.**

**8) Соңғы үшжылда біліктілік категориясынарттырған педагогтардың үлесі**

**2022-2023 -2024-2025 оқу жылында біліктілік санатын алған педагогтар жоқ:**

**9)2022-2023оқу жылындағы жетістіктер туралы мәлімет**

**Жетістіктер туралы мәлімет жоқ.**

**2023-2024оқу жылындағы жетістіктер туралы мәлімет**

| Аты-жөні | Жетістіктер |
|---|---|
| Кубентаева Улжанат Абдиганиевна | 2.Диплом , Алғыс хат "Пони" Халықаралық байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындағаныңыз үшін. Интеллектуальный центр "Үркер" 2023-2024 №109880 |

**2024-2025оқу жылындағы жетістіктер туралы мәлімет жоқ**

**10) Педагогикалық кадрларды қайта даярлау жоспарының барлығы және орындалуы**

Бөбекжай-бақшасында бақшасында 2022-2025 оқу жылдар аралығында 5жылға арналған педагогикалық кадрларды қайта даярлау курсынан өту жоспарына меңгерушінің қолы қойылып, бекітілген.

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | Базалық | ПШО | Қосымша |
|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 3 | 3/30% | 0 | 0 |
| 2023-2024 | 3 | 2/20% | 0 | 0 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **2024-2025** | **3** | **2/20%** | **0** | **0** |

**2022-2023 жылы;** Оқу жылдар аралығында 5 жылға арналған педагогикалық кадрларды қайта даярлау курсынан өткен педагогтар жоқ.

**2023-2024оқу жылы**

| № | Аты-жөні тегі | Курс атауы | Өткен уақыты | Қайдан өткен | Базалық емес қосымша |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кубентаева Улжанат Абдиганиевна | **"Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту"** | **26.02-07.03.2024ж** | ҚР оқу-ағарту министрлігі "Өрлеу"біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамы. | Базалық |
| 2 | **Калдыбаева Раушан Акылбековна** | **"Көшбасшы-педагог даярлау" семинар-тренигке қатысқаны үшін берілді.** | **11.07.2024ж** | ҚР ақпарат және қоғамдық даму министрлігі | Базалық |

**2024-2025 оқу жылы**

| № | Аты-жөні тегі | Курс атауы | Өткен уақыты | Қайдан өткен | Базалық емес қосымша |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кубентаева Улжанат Абдиганиевна | **"Мектепке дейінгі ұйымдарда және мектепалды сыныптарда заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру және педагогикалық процестің сапасын** | **07.10-18.10.2024ж** | **Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі балаларды ерте дамыту институты.** | Базалық |

ACE Scanner
PDF Scanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қамтамасыз ету" | | | |
| 2 | **Калдыбаева Раушан Акылбековна** | **Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру"** | **06.01-17.01.2025ж** | ҚР оқу-ағарту министрлігі «Өрлеубіліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамы | Базалық |

**Қорытынды: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бөбекжай-бақша педагогтарының барлығы біліктілік арттыру курстарынан толық 75 %өтті.**

**3.Тәрбиеленушілер контингенті**

**Балалардың жас ерекшелігі:**

| **Оқу жылдары** | **Бала саны** | **2-жас** | **3-жас** | **4-жас** |
|---|---|---|---|---|
| **2022-2023ж** | **39** | **16** | **10** | **13** |
| **2023-2024ж** | **30** | **7** | **11** | **12** |
| **2024-2025ж** | **25** | **8** | **6** | **11** |

МКҚК №-8 "Болашақ"мектепке дейінгі ұйымында 2 топ жұмыс жасайдыоқу- тәрбие жұмысы 2 топ мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі.

**2024-2025 жылы балалар санының азаюына байланысты әр-түрлі жастғы аралас 1топ қалды, мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі.**

PDF Scanner ACE Scanner

Соңғы 3 оқу жылында да бөбекжай-бақшасында барлығы - 2 топ болды.**2024-2025 жылы балалар санының азаюына байланысты әр-түрлі жастағы аралас 1топ қалды, мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі.**

Бөбекжай-бақшасыныңның жобалық сыйымдылығы- 50, өзін-өзі аттестаттау кезіндегі бала саны -25.

Барлық топтарда балалардың «Менің сүлгім», «Менің төсегім» атты тізімдері жазылған, балалардың керуеттер мен сүлгі сөрелері арнайы жеке белгілермен белгіленген.

Бөбекжай- бақшасының жобалық қуаты 50 орын. Өзін-өзі аттестаттау барысында білім орталығындағы балалар саны талапқа сай қабылданған.

**Қортынды:**

Білім беру орталығы өзінің қызметінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын басшылыққа алады.

## 4. Оқу-әдістемелік жұмыстар

**1) Оқу-әдістемелік құжаттардың: мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының, оқу бағдарламаларының, мектепке дейінгі білім беруді дамытудың концепциясы, жұмыс оқу бағдарламалары, жылдық жоспарлар және даму бағдарламасы**

№8 «Болашақ» МДҰ –да оқу-тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

-Тәрбиеленушінің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның жан-жақты дамуын қамтамасыз ету;

-Баланың дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;

-Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.

Мектепке дейінгі ұйымдағы 3 топтың оқу-тәрбие үрдісі-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348бұйрығымен бекітілген);

ACE Scanner

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы)(бұдан әрі –Үлгілік оқу жоспары);

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен негізделген жалпыға міндетті стандарты жүзеге асырылған.

Бөбекжай- бақшасында штаттық кестеге сәйкес әдіскерлік қызметке -0,25 бірлік вакансия берілген. Калдыбаева Раушан Акылбековна- 0,25 бірлік вакансия әдіскерлік қызметті атқарады.

ӘдіскерКалдыбаева Раушан Акылбековна23.02.1995 ж.туылған, ұлты-қазақ. Білімі- ортрша.ТОО "Колледж Актюбинского Универ. имени С.Биешова.
Педагог-организатор ТКБ№1338317
Куәлік берілді
2024ж 21.02.-17-07.2024ж дейін Қазақстан Республикасы Халықаралық білім беруді дамыту академиясында оқыды. "Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші"мамандығы бойынша қайта даярлаудың 808 академиялық сағат толық курсынаяқтады.Тіркеу нөмері №01-347
Жалпы педагогикалық еңбек өтілі 7жыл. Әдіскерлік қызметте -1жыл, осы мекемеде әдіскері қызметінде – 4 жыл.

2024-2025 оқу жылында №8 «Болашақ » мектепке дейінгі ұйымында мемлекеттік тілде және орыс тілінде

оқу тәрбие жұмыстарын жүргізетін 2 топ бар.**2024-2025 жылы балалар санының азаюына байланысты әр-түрлі жастсғы аралас 1топ қалды, мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі.** Жалпы бала саны- 25.

Мектепке дейінгі ұйымның жұмыс жоспарында ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы, бала денсаулығының және психикасының мүддесін қорғау негізінде енгізілді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі оқу жүктемесіне, санитарлық-гигиеналық талапқа сай, оқу қызмет кестесі 5 білім дағды талабы бойынша базистік жоспарға және ҚР МЖМБС 1.001-2009 талаптарына сай құрылған. Циклограмма мазмұны бойынша бес білім дағды қамтылған. Пәндік дамытушы орта бала өмірін дамытуға, санитарлық-гигиеналық, психологиялық –педагогикалық, эстетикалық жағдайлардың кешеніне сәйкес. Топтарда заттар мен ойыншықтарды балалардың еркін қолдану мүмкіндігі толық қамтамасыз етілген. Пәндік дамытушы ортада балалардың сөйлеу, сенсорлық, танымдық, эстетикалық дамуына қолайлы жағдай жасалған. Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспары бар, педагогикалық кеңесте бекітілген, белгіленген, іс-шаралар білім бағдарламасының, оқу-тәрбие жұмыстарын шешуге бағытталған. Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік бөлме заман талабына сай жиһаздармен, компьютермен, әдістемелік әдебиеттер және балалар көркем әдебиеттерімен, дидактикалық ойындармен жабдықталған. Әдістемелік бөлмеде тәрбиешілердің іс–тәжірибиесі:

PDF Scanner ACE Scanner

ашық көрсетілімдері, семинарларда өткізген жұмыстары, слайдтары толық жинақталған. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс, басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыс басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды.

Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі ұйымның аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың толықтығын көрсетті. Оқу–тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндеттістандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар–практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар

диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады.

Мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру-шынықтыру, эстетикалық, сөйлеу, ақыл-ой, танымдық дамуының белгілі жағдайлары жасалған. Бөбек бақша ұжымының күшімен балалардың серуендеу, тынығу, еңбектену және демалу мақсатындабөбекжай- бақша жанынан шағын учаскелік жер дайындалды. Онда көктем мезгілінен күзге дейінгі аралықта балалар өз қол еңбектерімен көкөністер егіп, суарып, күтіп -баптау арқылы еңбектенеді. Шыққан өнімді асханаға ұсынады.Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, бауланған, мөр басылған. Педагогикалық кеңес тақырыптары дұрыс қойылған. Бұл іс-шаралар оқу–тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға, жылдық міндеттерді шешуге бағытталған.

Денешынықтыру, экологиядан ұйымдастырылған іс-әрекетінде инновациялық технологияларын ендіру және жетілдіру, тыңдау қабілетін, сөзді дыбыстық талдау машықтары, дұрыс әрі анық сөйлеу дағдыларын жетілдіру, балаларды әңгімелеуге үйрету, отбасымен байланыс жасау, сауықтыру-шынықтыру іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру сұрақтарына көп назар аударылады.

**2)Тәрбиеленушілермен жұмыста қолданылатын жаңа педагогикалық технологиялар және оқытудың түрлерінің бар болуы,олардың жеке бастарының ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін ескеру,олардың оқуға деген**

**ынталандыру әдістері, жорамалданған педагогикалық нәтиже**

Бөбекжай-бақшаның педагогтарының тәрбиеленушілермен жұмыс барысында жаңа педагогикалық технологияларды: ойын, триз, мнемокесте, жобалау, ақпараттық коммуникативтік технологиясын (проектор, теледидар, музыкалық орталық) қолданады.

ACE Scanner

Күнделікті сергіту сәті және тақырыпқа қажетті материалдарды көрсету үшін проектор, теледидар пайдаланады. Балалардың тілін жетілдіру мақсатында тірек суреттерді және таным қабілеттерін дамыту мақсатында логикалық ойындарды кеңінен пайдаланған. Осы жұмыстарды ұйымдастыру барысында тәрбиеленушілердің жеке бастарының ерекшеліктері мен мүмкіндіктері ескере отырып, ойындарды, тапсырмаларды жеңіл және күрделі түрінде өткізген.

**Ұсыныстар:**

1.Оқу-тәрбие үрдісін инновациялық бағытта интеграциялау технологиясын қолдану арқылы жетілдіру.

2.Барлық топтарда мультимедиялық құралдар жиынын одан әрі толықтыру.

3.Пәндік дамытушы орта сенсорлық тәрбие беруде ұсақ саусақ маторикасын жетілдіруге мүмкіндік тудыратын дидактикалық ойындармен толықтыру.

**3)Жылдық жоспарды жасау принциптері;**

Тексеріс барысында мектепке дейінгі білім 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025, оқу жылдарына арналған жылдық жоспарлары ұсынылды.Жылдық жұмыс жоспарларының жасау принциптері сақталған, негізгі 7 бөлімнен тұрады. Жылдық жоспарда білім беру және тәрбие беру тапсырмаларының байланысын білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуының, отбасымен, мектеппен, қоғаммен бірлескен жұмыстарының мақсаты мен міндеттер бірлігін қамтылған. Жылдық жоспарда оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылауды жоспарлау бөлімі толық ескерілген. Педагогикалық кеңес тақырыптарының мазмұны инновациялық технологияларды қолдану, білім беру салаларын интеграциялау арқылы тәрбиелеу мен білім беру үрдісін жоспарлау, тақырыптық тексерудің нәтижесі, жас педагогтардың өз мамандығына деген қызығушылығын арттыру, кәсіби шеберліктерін дамыту мақсатында толық ашылған. Жылдық жоспарда оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу толық қамтылған. Мектепке дейінгі білім орталығының жылдық жоспары педагогикалық кеңесте бекітілген, белгіленген іс-шаралар білім бағдарламасының, оқу-тәрбие жұмыстарын шешуге бағытталған. Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілен, хаттамалары жазылып нөмірленген, түптелген, мөр басылған. Жоспар әдістемелік бөлмеде қызметкерлерге қолайлы жерде сақталған.

**4) Педагогтардың ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін жасау принциптері,ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі және СанЕмН-ге сәйкестігі. Тәрбиеленушілер қызметінің түрін өзгертуін қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелерінің тұрақты тепе-теңдігі**

ACE Scanner

Аттестаттау барысында бөбекжай- бақшасында 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025,оқу жылының оқу-жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметтерініңкестелері ұсынылды.

2024-2025 оқу жылында вариативтік компонент бойынша алынған ұйымдастырылған оқу қызметтері Мәртөк аудандық білім бөлімі комиссиясының отырысында мақұлданып, Мәртөк аудандық білім бөлімінің 2024 жылғы 02 қыркүйекайының №542 т[1] бұйрығымен бекітілген бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады.

Ересек әр-түрлі жастағы топ «Жас экологтар», компоненттері балалардың танымдық қабілеттерін қалыптастыру, қауіпсіздік ережелерін үйрету және балалардың экологиялық қабілеттерін дамыту мақсатында құрастырылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына, апталық жүктемесіне және жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Бөбекжай- бақшасында штаттық кестеге сәйкес психолог қызметке -0,25 бірлік вакансия берілген. Даулова Галия Советовна- 0,25 бірлік вакансияпсихолог қызметті атқарады.

**Білімі:** Психолог міндетін атқарушы Даулова Галия Советовна 24.08.1994 ж.туылған, ұлты-қазақ. Білімі- ортрша. Ақтөбе медициналық колледжі. Мамандығы Мейірбике ісі.

**Еңбек өткелі:**

| Жалпы еңбек өтілі | Педагогикалық өтіл | Осы мекемеде | Лауазымы бойынша |
|---|---|---|---|
| 7 жыл | 1,5 жыл | 6 жыл | 6 жыл |

**Біліктілігін көтеру туралы мәлімет**

| Курс тақырыбы | Мекеме | Мерзімі | Сертификат № |
|---|---|---|---|
| " Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс істеудегі дәстүрлі емес сурет салуды пайдалану" | "Ақтөбе обылысының білім бсақармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі"ММ | 30.11.-17.11.2023ж | 000442 |

Психологиялық қызметі балалардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту, мектеп жасына дейінгі балалардың үйлесімді дамуына психологиялық, педагогикалық тұрғыда қолайлы жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылған және психодиагностикалық, алдын алу, дамыту және жетілдіру жұмыстары, психологиялық кеңестер негізінде бағытталған.

Педагог-психолог жыл басында барлық балалармен бақылау диагностикасын жүргізіп, сол диагностика қорытындысы бойынша жыл бойына балалармен жеке, топтық жұмыстар жүргізіп отырған. Балалардың жеке, жас ерекшеліктерін ескере отырып, олармен әртүрлі баланың зейінін, ойлау қабілетін, есте сақтауын дамытатын ойындар «Не қайда жасырынды?», «көлеңкесінен тап!», «қима суреттерді құрастыр!»ойындарын жүргізіп отырған.

**Соңғы 3жылда педагогтардыің өз тарапынан жазылған басылым кестесі**

| Жылдары | Газеттер саны | Журналдар саны |
|---|---|---|
| Оқу жылы 2022-2023 | 8 дана | 1 дана |
| Оқу жылы 2023-2024 | 7 дана | 1 дана |
| Оқу жылы 2024-2025 | 7 дана | 1 дана |

Педагогтар облыстық, газеттерге сонымен қатар бөбекжай-бақшасыпедагогтарына арналған төменде көрсетілген журналдарға жазылған: ( «Бала мен балабақша», «Отбасы және балабақша», «Ақтөбе Ұстазы», )

Журналдар тігіліп, жинақталған, педагогтар ҮІӘ барысында пайдаланады. ҮІӘбарысында қолданылатын көрнекіліктері топтарда жас ерекшеліктеріне сай жинақталған.

Бөбекжай-бақшасында электронды пошта бар.

**5) Мектепке дейінгі білім берудің жаңа түрлерін ұйымдастыру және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша практикалық материалдармен қамтамасыз ету;**

Бөбекжай- бақшасы білім берудің жаңа түрлерін ұйымдастыру және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету бағытында практикалық материалдармен қамтамасыз етілген.

PDF Scanner ACE Scanner

**Қортынды:**

№8 «Болашақ» бөбекжай- бақшасының оқу-әдістемелік қызметі: ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттары, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты; мектепке дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасы, бөбекжай- бақшасының Жарғысы, оқу жұмыс жоспары, оқу бағдарламалары, жылдық жоспарлар , ішкі еңбек тәртібі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының, аудандықбілім бөлімі нұсқаулықтары, бұйрықтары, үкімдері және т.б. құжаттары арқылы жүзеге асырылады.

Әдістемелік жұмыстарды жоспарлауда педагог мамандарының кәсіби біліктілігін арттыру жоспары бар және жүйеленген. Мектепке дейінгі білім орталығы педагогтарының тәрбиеленушілермен жұмыс барысында жаңа педагогикалық технологияларды: ойын, триз, мнемокесте, жобалау, ақпараттық коммуникативтік технологиясын ( проектор, теледидар) қолданады.

Жылдық жұмыс жоспарларының жасау принциптері сақталған, негізгі 7 бөлімнен тұрады. Жылдық жоспарда білім беру және тәрбие беру тапсырмаларының байланысын білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуының, отбасымен,мектеппен, қоғаммен бірлескен жұмыстарының мақсаты мен міндеттер бірлігін қамтыған.Мектепке дейінгі білім орталығы педагогтарының алдыңғы қатарлы іс-тәжиребелері аудандық, деңгейде таратылған.

Психологиялық қызметі балалардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту, мектеп жасына дейінгі балалардың үйлесімді дамуына психологиялық, педагогикалық тұрғыда қолайлы жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылған және психодиагностикалық, алдын алу, дамыту және жетілдіру жұмыстары, психологиялық кеңестер негізінде бағытталған.

Педагогикалық кеңес тақырыптарының мазмұны ақпараттық-коммуникативтік технологияларды интеграциялау арқылы оқу-тәрбие процесін жетілдіру, отбасымен байланыстағы интерактивтік жұмыс турлерін ұйымдастыру мақсатында ашылған. Жылдық жоспарда оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу үздіксіз әр оқу жылдары бойы қамтылған.

**5)Оқу-тәрбиелік жұмыс**

**1) Тәрбиеленушілерге құқықтық тәрбие беру, білім беру ұйымында тәрбие жұмысын құқықтық әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңын», «ҚазақстанРеспубликасындағы баланың құқықтары туралы» №345-II 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым

Министрінің 2009 жылдың 16 қарашадағы №521 бұйрығымен бекіткен «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын» негізге ала отырып, жұмыс жүргізеді. Бөбекжай- бақшасында оқу-тәрбиелік жұмыс үрдісі мемлекеттік стандартқа және базистік оқу жоспарының талаптарына сай ұйымдастырылған, оқу жүктемесінің максималды көлеміне және талаптарына жауап береді мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарында құқықтық тәрбие жұмысы жоспарланған. Педагогикалық кеңестерде ата-аналармен жүргізілетін оқыту-тәрбиелеу жұмыстары бар.

Құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында бөбекжай-бақшасындатәрбиешілерге арналған кеңестер, бағдарламаның барлық бөлімі бойынша тәрбиешілердің деңгейін анықтау тесттері жүргізілген.

Педагогикалық ұжым мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда қоғам талаптарына сай жұмыс түрлерін ұйымдастырып өткізген.

Мектепке дейінгі білім беру орталығында тәрбиеленушілерге тәрбиенің барлық түрлерімен қатар құқықтық тәрбиелеу мен білім беруді жолға қоя отырып, құқықтық тәрбиенің әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етілуіне мән берілген. Өндірістік жиналыста қызметкерлерді ҚР Еңбек кодексімен және қосымша өзгерістерімен

таныстырылған. Бөбекжай -бақшасында «Сүйікті бөбек бақшамыз» , «Біздің шығармашылығымыз» стендтары бар.

Тәрбие беру жұмыстары ойын барысында және тақырыпқа сай ойын әрекеттері жүргізіледі.

**2)Педагогикалық кеңесте тәрбиелік жұмыстарды, олардың нәтижелілігін, мазмұнын, формаларын және әдістерін қарастыру;**

Бөбекжай- бақшасының жылдық жоспарларына педагогикалық кеңестерде жылдың міндеттері жазылған, күн тәртібінде тәрбиелік жұмыстардың жүйесі құрылып, қарастырылған, жүзеге асырылған. Отбасымен бірлескен мерекелік іс-

шаралар жылдық жоспарларға сай ұйымдастырылып, өткізілген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 30.07.2024жылғы №194 бұйрығына сәйкес 2024-2025 оқу жылынаң бастап «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы еңгізілді. Осыған орай бөбекжай-бақшамыздың жанынаң «Әжелер», «Әкелер» және «Аналар» клубы құрылып. жоспарлары бекітілді. Сол жоспарлар бойынша жыл бойы ата-аналармен тұрақты жүргізілді. Жұмыс жоспары барлық айларға толық жоспарланып, жалпы ата-аналар жиналысының хаттамалары толық жазылған. Ата-аналар үшін үнемі ойын-сауықтар, байқаулар, мерекелік шаралар: «Әкелер бізде қонақта», «Аналар -алға!», «Қош келдің, Жаңа жыл»

денсаулық аптасы «Әкем,шешем және мен», «Достығымыз жарасқан» көңілді старт, көрмелер: «Күз байлығы»ұйымдастырылып отырған. Экологияны қорғау бағытында «Әкелер мектебінің»

жұмыс жоспары аясында бөбекжай-бақшасы ауласында талдар отырғызылды, гүлдер егілді. Отбасы мен бөбекжай- бақшасы арасындағы ынтымақтастық орналасқан. Психолог ата-аналардан сауалнамалар алып отырады. Педагогикалық кеңестерде тәрбиелік жұмыстардың нәтижелілігі, мазмұны және формалары толық қарастырылған, жұмыстар жүргізіліп, жинақталған.

**3) Әртүрлі салаларда тәрбиеленушілердің өзін-өзі жетілдіруінежағдайлар жасау;**

Бөбекжай- бақшасы тәрбиеленушілердің физикалық, интелектуалдық ой-өрісін дамыту мақсатында топтар білім берудің бес дағды бойынша құрал жабдықтармен қамтылған. Атап айтқанда,

«Физикалық қасиеттерді дамыту» білім беру дағды бойынша: Топта бала денесінің дұрыс қалыптасуына септігін тигізетін қимыл-қозғалыс дағдыларын,физикалық қасиетін қалыптастыру үшін денсаулық орталығы ұйымдастырылған.

Дамытуға арналған спорттық жабдықтар, жалаушалар, әр түсті ленточкалар, доптар ,секіргіш жіптер, балаларға арналған кеглилер,кубиктер, істерді ажыратуға байланысты емдік шөптер, массаж құралдары, жалаң аяқ жүруге арналған массаждық жолдар, саусақ бұлшық еттерін дамытуға арналған материалдар,атрибуттар, ойын

материалдары бар.

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту» білім беру дағдыда: Дамытушы ортаның мазмұны-ұлттық нақыштағы элементтер арқылы ұлттық құндылықтарды тануға және дүние танымын кеңейту мақсатында «Театр бұрышы» (саусақ театры, үстел үсті театры, конус театры және атрибуттар), «Сәндік бұрышы», «Қазақ бұрышы» бар. Бұл ойындар арқылы ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуге, жағымды мінез құлыққа ,диалог түрінде сөйлеуге, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелейді. Дамытушы орта заман талабын сай интеллектуалдық жеке тұлғаның дамуына

бағытталып толықтырылған.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» білім беру дағдыда: құрастыру ойындары (ағаш конструктор, темір конструктор, мозайка түрлері, лего, пазлы), үлестірілмелі материалдар (ұлттық нақышта жасалған-кесе, торсық, сәукеле, айыр қалпак), жеміс-жидектер, көкөністер), бала санымен жолақшалар, сандар, пішіндер, фигуралар жиынтығы бар.

ACE Scanner

«Шығармашылық» білім беру дағдыда: музыкалық аспаптар, бейнелеу өнеріне қажетті құрал-жабдықтар арқылы баланың шығармашылық даму деңгейінің артуына жағдайлар жасалған. Мүсіндеуге қажетті құралдарды пайдалана отырып, өз беттерінше әр түрлі заттарды мүсіндеді. Суретті бояуға арналған кітапшалармен қызықты суреттерді бояды. Театр бұрышында үстел үсті мен қуыршақ театры, саусақ театры,ертегіге арналған атрибуттар бар.

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» рәміздер, сюжеттік-ролді ойындар, табиғат бұрыштары ,еңбек құралдары, көлік түрлері, жергілікті жерде өсетін ағаш макеттері. Жас ерекшеліктеріне байланысты бөлме гүлдерінің түрлерімен толықтырылған. Даладаға ойын алаңы ерекше дизайнерлік шеберлікпен көркемделген (балаларға арналған әткеншектер,түрлі-түсті шырмауық гүлдермен әсемделген көпірлер,құм салғыш бар. Сонымен қатар баланы еңбекке баулу,табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында гүл (Қызғалдақ, раушан гүлі,бархат

,майор т.б)және жеміс алма ағаштары өсірілген. Сюжеттік-рөлдік ойындар(«Шаштараз», «Дүкен», «Асхана», «Дәрігер») сюжетті-рөлдік ойын бұрыштары толық жабдықталған . Білім беру саласының орталары балалардың жас ерекшелігіне сай, қол жетімді, ыңғайлы жерлерде орналасқан. Үлестірмелі материалдар жеткілікті.

Дәліздегі стендтер:«Қазақстан Республикасының рәміздері»,”Біртұтас тәрбие”,«Өрт қауіпсіздігі ережесі», «Біздің жетістіктеріміз», «Сүйікті менің бөбек бақшам», «Кәсіподақ бұрышы, «Ақпарат», «Қызмет көрсету»

Медбике кабинетінде: «Медбике бұрышы» Әдістеме- кабинетінде: «Психолог бұрышы», «Әдістеме бұрышы»

Асханада: «Астарың дәмді болсын» стендттері бар.

Тобының жабдықталуы: «Күн тәртібі», «Ас мәзірі», «Табиғат бұрышы», «Біздің қол өнеріміз», «Әсемдік салоны», «Дүкен», «Аурухана»«Мен құрылысшымын», «Қазақ бұрышы»

**4)Спорттық-сауықтыру және шығармашылық іс-шараларды жоспарлау және өткізу;**

Денешынықтыру ҮІӘ-нің маңызды шарттарының бірі дені сау баланы тәрбиелеу. Дене шынықтыру қызметін дене шынықтыру жетекшісі болмауына байланысты әр топтың тәрбиешісі өткізеді. Дене шынықтыру оқу қызметі әрқашан дәстүрден тыс формада, дене шынықтыру құралдарын толық қолданылып жүргізіледі. Өткен жылдары мынадай спорттық мерекелер мен ойын-сауықтар өткізілді: «Біз болашақ спортшымыз» , «Толағай» спорттық мереке (Балалардың қорғау күні), «Сумен шынықтыру» , «Көңілді старт» т.б.жарыстары, ата-аналардың қатысумен

ойын-сауықтар өткізілді. Спорттық –сауықтыру шаралары ата – аналар мен балалар, қызметкерлер арасында да жүргізілген, салауатты өмір салтын, насихаттау ісіне бағытталған іс-шаралар жоспары жасалған. Жазғы сауықтыру шаралары жоспарланып ретімен өткізілген . Барлық топтарда МЖМБС білім беру салалары бойынша жабдықталған:

«Денсаулық» білім саласы бойынша: Балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне,баланың дене бітімі мен

психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, қимылды ойындар жиынтығы,доптар,атрибуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған массаждытөсеніштер түрлі пішіні, ойын материалдары бар. Түскі ұйқыдан кейін барлық дене мүшелерін ояту мақсатында әр балада массаждық құралды және аяққа арналған щеткасын пайдаланады. Сонымен қатар шапшаңдыққа, дәлдікке, тепе-теңдікті сақтауға арналған, қалдық материалдарынан жасалынған құралдарымен жұмыс жүргізіледі. Тыныс алу мүшелерін нығайту үшін жасалынған урлеу түтікшелері бар. Мәдени-гигиеналық әдеттері мен дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары белгіленген.

**5) Белгілінген тәртіппен бекітілген авторлық, эксперименттік, коррекцияланған**

**және интеграцияланған бағдармалар.**

Аудандық сараптау комиссиясымен бекітілген бейімделген бағдармалар, әдістемелік

құралдар. 2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жыл аралығы

| № | Аудандық деңгейдегі бағдарламалар | Авторлар |
|---|---|---|
| 1 | «Мектепке дейінгі тәрбие берудегі ұлттық құндылықтар» | Кубентаева У.А. |
| 2 | «Мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің жолдары» | Қалдыбаева Р.А. |

**Қортынды:**

Бөбекжай- бақшасында оқу-тәрбиелік жұмыс үрдісі мемлекеттік стандартқа және базистік оқу жоспарының талаптарына сай ұйымдастырылған, оқу жүктемесінің максималды көлеміне және талаптарына жауап береді. Бөбекжай- бақшасыныңжылдық жоспарында құқықтық тәрбие жұмысы жоспарланған. Мектепке дейінгі білім беру орталығында тәрбиеленушілерге тәрбиенің барлық түрлерімен қатар құқықтық тәрбиелеу мен білім беруді жолға қоя отырып, құқықтық тәрбиенің әдістемелік және

ақпараттық қамтамасыз етілуіне мән берілген. Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарларына педагогикалық кеңестерде жылдың міндеттері жазылған, күн тәртібінде тәрбиелік жұмыстардың жүйесі құрылып, қарастырылған, жүзеге асырылған. Отбасымен бірлескен мерекелік іс-шаралар жылдық жоспарларға

сай ұйымдастырылып, өткізілген. Бөбекжай-бақшас тәрбиеленушілердіңфизикалық, интелектуалдық ой-өрісін дамыту мақсатында топтар білім берудің бес саласы бойынша құрал жабдықтармен қамтылған. Мектепке дейінгі ұйымында дене шынықтыру жоспар бойынша өткізіліп, ойын-сауық түрлері жүргізілген.

Бөбекжай-бақшадағы 3 жыл ішінде өткізілген оқу-тәрбиелік жұмыстарды қорытындылай келе, жұмыс нәтижелерінің өсуі байқалғандығы туралы айталамыз. Ягни 2022-2023 оқу жылы педагогтардың біліктілік сапасы -80% , байқауларға

қатысу үлесі –10% болса, 2023-2024 оқу жылы педагогтардың біліктілік сапасы -100%, байқауларға қатысу үлесі –22,2. Ал 2024-2025 оқы жылы едагогтардың біліктілік сапасы – 100%, байқауларға қатысу үлесі – 50% құрайды.

## 6. Оқу-материалдық активтер

**1)Білім беру қызметінің ұйымы үшін аумақты қолдану құқығынақұжаттардың болуы және ғимарат туралы мәліметтердің бар болуы;**

Бөбекжай- бақшасының ашылған мерзімі – 2008 жыл

Жобалық қуаты – 50 орын

Жалпы ауданы – 272 кв.м.

Жалпы аланы: 0,1140 га

Ғимараттың типтік сипаттамасы: 1 қабатты ғимарат, типтік емес.

Қызмет жүйесі: 08.00-18.00

2008 жылдың 15-мамырдан бастап № 8 «Болашақ» жалпы үлгідегі мектепке дейінгі ұйым»мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын болып жұмыс жасап келеді.Бөбекжай- бақшасының істерін қаржыландыру жергілікті бюджет арқылы іске асырылады. Мекеменің мүлігі тиімді басқару құқығы бойынша иеленеді және ол мемлекеттік меншік болып саналады.

PDF Scanner ACE Scanner

**2) Мемлекеттік жалпы міндетті стандарттар талаптарына өрт қауіпсіздік талаптарына, санитарлық нормативтер негізінде қызмет атқаратын, оперативті басқару немесе шаруашылық жүргізу, меншік құқығындағы пайдалы оқу аумағының сәйкестік дәрежесі;**

| **Бөлме атаулары** | **Қабылдау бөлмесі**<br>**Шаршы метр** | **Ойын бөлмесі**<br>**Шаршы метр** | **Жатын бөлмесі**<br>**Шаршы метр** |
|---|---|---|---|
| "Смишарик" тобы | 47 | 47 | 47 |
| Меңгеруші бөлмесі | 8,2 | | |
| Медициналық бөлмесі | 9,4 | | |
| Оқшаулау бөлмесі | 12,2 | | |
| Асхана | 19,1 | | |
| Кіржуатын бөлме | 3,2 | | |

Медициналық құралдар СанЕжН талаптарына сай, алғашқы медициналық көмекті көрсету құралдарымен, медициналық қажетті дәрі-дәрмектермен, термометрлермен жабдықталған. Санитарлық-ақпараттық жұмыс әңгімелесу, кеңес беру, нұсқау түрінде өткізіледі. Санбюллетеньдер бар (тұмау, вирусты гепатит, желшешек ауруы т.б.).

Бөбекжай- бақшасы асханасының аумағы – 19,1. ш.м Бөбекжай- бақшасындаасханасында 1 аспазшы жұмыстануда. Асханада суға арналған жуғыш крандар - 2, электрлік плита (4 камфорлы) - 1,тоңазытқыш-1,

мұздатқыш-1, электрлі еттартқыш- 1, қамыр илейтін үстел - 1, шикі зат өнімдерін турайтын үстел-1, су ысытқыш (бойлер)-1. Кесетін тақтайшалар және пышақтар, шелектер , кастрюльдер, табалар, қазанда, шәйнектер жабдықталған, СанЕжН талаптарына сай белгіленген.

Санитарлық жағдайы жақсы, бөлмені желдету терезе желдеткіші арқылы, ойын жатын бөлмелерінде күніне бір рет кварцивание жасау арқылы және медбике Г.С.Даулова балаларды қабылдау бөлмесінде тұмау ауруларын алдын алу шаралары мақсатында ароматерапия жүргізеді. Тамақ өнімдері келісім - шарттар негізінде сатып алынған.

2022-2023 оқу жылы азық-түліктермен қамтамасыз ету:

ACE Scanner

ЖШС «Ысык и К» мемлекеттік сатып алу шарттары арқылы жүзеге асырылған. Тамақ өнімдерінің сапасының қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары толықтай бар.

Медбике Г.С.Даулова тарапынан дайын тағамның сапасын анықтау мақсатында бракераждық журналында бақылау жүргізіліп, дайын тағамның күндік сынамасы алынып отырылған.

Соңғы 3 оқу жылындағы мектепке дейінгі мекеменің материалдық-техникалық жағдайын жақсартуға жұмсалған қаржы:

| Оқу жылы | Жиһаз алуға жұмсалған қаржы | Компьютерлік тихника | Техникалық құралдар | Ойыншықтар, спорттық тауарлар | Балаларға арналған дала жабдықтары | Бейнебақылау |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022 жыл | | | | 50000 | | |
| 2023 жыл | | | | 160000 | | |
| 2024 жыл | | | | | | 560000 |

Мемлекеттік мекеменің материалдық-техникалық жағдайын жақсарту жұмыстары мемлекеттік сатып алу Заңына сәйкес жүргізіледі.

**3) Жалпы аумақ, соның ішінде келтірілген контингенттің бір бала есебіндегі оқу аумағы; топтардың ұйқы бөлмелерінің саны, коррекциондық және тәрбиелік сабақтардың өткізілуі үшін қосымша бөлмелердің саны, әкімшілік және қызметкерлербөлмелерінің саны;**

№8 «Болашақ» бөбекжай- бақшасы МКҚК 1 қабатты ғимаратта орналасқан.Мемлекеттік мекеменің істерін қаржыландыру жергілікті бюджет арқылы іске асырылады.

Мемлекеттік мекеменің тұрақты жер пайдалану құқығы берілген актісі бар (№039699184 Кадастрлық номері 02-029-005-262). Жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығы берілген. Жер учаскесінің алаңы 0,1140 га құрайды.Жер

учаскесінің нысаналы тағайындалуы бөбекжай- бақшасы орналастыру мен қызмет көрсетуге арналған. Жер учаскесінің жоспары, жерді беру жобасы бар. Мекеменің ауданының аймағы қоршалған,көркейтілген,жарықпен қамтылған.Ғимаратта су құбырлары арқылы жан-жаққа тартылады,қол жуатын жерге орнатылған

**3) Қазіргі ақпараттық-техникалық базаларының бар болуы (локальды жүйелер, Интернет жүйесі, электронды пошта, т.б.)**

ACE Scanner

4) Мекемеде қазіргі заманға сай ақпараттық техникалық базалары бар:

Проектор – 1шт,1 дербес компьютер, компьютерлердің 1-еуі интернет жүйесіне қосылған. Модем TP-Link_691A – 1шт, принтер – 1/1 – Canon LBP3010B, музыкалық колонка -1шт. Ай сайын байланыс қызметінің ақысы үшін 42000 теңге жұмсалады.
Электронды поштасы: : bolashak@mail.ru

**5) Соңғы 3оқу жылындағы білім беру ұйымының материалдық-техникалық жағдайының динамикасының өзгеруі;**

Соңғы 3 жыл ішінде жергілікті және республикалық бюджеттен мынадай соммада қаржы бөлінген:

| Жылдар | 2022-2023жыл | 2023-2024жыл | 2024-2025жыл |
|---|---|---|---|
| Жалпы | бюджет қаржысы | | |
| Жалақы, әлеуметтік салық, әлеуметтік төлемдер, сауықтыру. | 0 | 11610600 | 33475100 |
| Байланысқа бөлінген қаражат | 0 | 0 | 504000 |
| Коммуналдық қызметке төлеген қаражат | - | 1420000 | 4550000 |
| Дәрігерлік тексеріс | 0 | 0 | 0 |
| Ыдыс-аяқ | 25000 | - | - |
| Ойыншықтар | 210000 | - | - |
| Кеңсе тауарлары | 50000 | 49880 | 64890 |
| Ағымдағы жөндеу жұмыстары | 100000 | 518776 | 387000 |

ACE Scanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| Дәрі -дәрмектерге | 20000 | - | 16443 |
| Жиһаздар | - | - | - |
| Банк көрсететін қызметтер | - | - | - |
| Іс сапар шығысы | - | - | 177200 |
| Төсек жабдықтар | 20000 | - | - |

**Қорытынды:**

Кәсіпорын ҚР Конституциясына, «Білім туралы Заң», ҚР Мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, мектепке дейінгі Ұйым қызметіндегі типтік ережелері мен Президент және ҚР

Үкіметінің нормативтік – құқықтық актілеріне, құрылтайшылар мен жүйелік бөлімшелердің өкімдері мен шешімдеріне және осы Жарғыға сәйкес әрекет етеді. Әр топтың өз ойын алаңдары бар және тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай орналасқан, балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасалынған.

**Мемлекеттік мекеменің істерін қаржыландыру жергілікті бюджет арқылы іске асырылады**

**7. Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес тәрбиеленушінің физикалық, интеллектуалдық және дамуы үшін әдістемелік және балалар әдебиеттерінің, ойын материалды мен жабдықтарының болуы**

Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес тәрбиеленушінің физикалық, интеллектуалдық және дамуы үшін әдістемелік және балалар

әдебиеттерінің, ойын материалды мен жабдықтары жыл сайын толықтырылып отырады.

Бөбекжай бақшасында тәрбиеленушілерінің физикалық, интеллектуалдық және дамуы үшін әдістемелік және балалар әдебиеттерінің, ойын материалды жабдықтарының көрсеткіші төмендегідей:

ACE Scanner

№ 8 «Болашақ» бөбекжай- бақшасы МКҚК-нда ойын территориясы аймағынаарналған ірі өлшемдегі ойыншықтармен жинақтамаларымен жабдықталған.

| № | Ойыншықтар атауы | Саны |
|---|---|---|
| 1 | Үйшік (бесетка) | 2 |
| 2 | Карусель | - |
| 3 | Қалашық( песочница) | 2 |
| 4 | Швет стенкасы | 1 |
| 5 | Гимнастикалық Матрас | 1 |
| 6 | Доп(кенгуру) | 5 |
| 7 | Палаткалық тунель(набор) | - |
| 8 | Секіртпе | 20 |
| 9 | Доп (кішкентай) | 10 |
| 10 | Доп (орташа) | 5 |
| 11 | Жұмсақ модульдер | 10 |
| 12 | Доп салуға арналған себет | 1 |
| 13 | Қимылды ойындарға арналған құралдар | 15 |
| 14 | Музыкалық орталық | - |
| 15 | Үлкен конструктор жиынтық | 1 |
| 16 | Кегли (әр түрлі пішіндегі набор) | 2 |
| 17 | Доға | 4 |
| 18 | Эстафеталық ойындарға арналған құралдар | 8 |

PDF Scanner ACE Scanner

| | | |
|---|---|---|
| 19 | жалаушалар | 20 |
| 20 | Қимылды ойындарға арналған жиынтық құралдары | 1 |

**Ұсыныстар:**

Тәрбиеленушінің физикалық, интеллектуалдық және жеке дамуы үшін кітапхана қоры толжай-бақшасы оқу-тәрбие үрдісін инновациялық бағытта жетілдіру мақсатында құралдармен, ойыншықтарымен толықтырылсын.

## 8. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

**1)Білім беру сапасы үшін бақшаішілік бақылау туралы ереженің болуы, тәрбиеленушінің білім сапасын арттыруға бағытталған әр түрлі;**

Баланың біліктілік даму деңгейінің көрсеткіші және индикаторлары **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының** мектеп жасына дейінгі балалардың даму құзіреттілігінің индикаторлар жүйесі әдістемелік нұсқаулығына сәйкес жасалынған. №8 «Болашақ» бөбекжай- бақшасы МКҚК балалардың білім беру сапасын бақылау үшін бақша ішілік жұмыс жоспары құрылып, бекітілген. Тәрбиеленушілердің білім сапасын арттыруға бағытталған әр түрлі шаралар жүйесі құрылып, нақтыланып, жүргізілген. Олар:ашық қаралымдар, іс шаралар, сайыс-байқаулар т.б.

2022-2023, 2023-2024, және 2024-2025 оқу жылының қыркүйек айына баланың біліктілік даму деңгейінің көрсеткіші жасалған, барлық педагогтар тарапынан мониторинг есебі жинақталған және әдіскер тарапынан мониторинг түрінде қорытындыланған.

**2) Мектепке дейінгі балалардың оқуы және білім сапасы, оның нәтижелілігі мен тиімділігі үшін бақша ішіндегі бақылауды ұйымдастыру;**

МдБО тәрбиеленушілердің оқуы және білім сапасы, оның нәтижелілігі мен тиімділігі үшін бөбекжай-бақшасы

ішіндегі әкімшілік тарапынан бақылау мен басшылықты ұйымдастырудың жүйелі жұмыстары көрсетілген.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің талдауы өткізілген, құжаттары рәсімделген.

PDF Scanner ACE Scanner

Жоспарланған шараларға қатысқаны туралы дәлелдейтін құжаттар (анықтамалар, хаттамалар) жинақталған. Педагогтар өзара тәжірибе алмасу бағытында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысып отырған, қатысым дәптерлері бар.

Бақылау қорытындысы кеңестерде қаралған.

Тәрбиеленушінің білім деңгейі өлшеуіштері ретінде: диагностика, мониторинг, диаграмма, кестелер пайдаланылады. Ал тәрбиеленушінің білімдерінің өлшеу құралдары ретінде ҚР МЖМБС 1.001-2009 стандартында белгіленген 3 жастан 5

жасқа дейінгі балалардың дамуын бағалау жүйесі және индикатор құрылымы бойынша жүргізілген.

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілердің оқуы және білім сапасы, оның нәтижелілігі мен тиімділігі үшін бөбекжай-бақшасы ішіндегі әкімшілік тарапынан бақылау мен басшылық бөлімі оқыту-тәрбиелеу жылдық жоспарында жоспарланған. Материалдары, бақылау қорытындылары жүйелі, нақты жинақталған. Әкімшілік тарапынан оқыту-тәрбиелеу жұмыстарына үнемі қатысу жүргізіліп, әр бақылау соңында анықтама жазылып, талдау, қорытынды және ұсыныстар жазылған.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің, күн тәртібінің орындалуының, іс-шаралардың талдауы жүргізіліп, құжаттары рәсімделген. Педагогтер өзара тәжірибе алмасу бағытында ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысып отырған.Бақылау қорытындылары кеңестерде қаралып, шешімдер хаттамаларда шығарылған.

Соңғы 3 оқу жылдарында мектепке дейінгі балалардың оқуы және білім сапасы, оның нәтижелілігі мен тиімділігі үшін бөбекжай-бақшасы ішіндегі бақылау мен басшылық жұмыстары жоспарға сай ұйымдастырылып, жүргізілген.

**3) Тәрбиеленушінің білім деңгейі өлшеуіштерінің болуы;**

Тәрбиеленушінің білім деңгейі өлшеуіштері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Мектеп жасына дейінгі балалардың даму құзіреттілігінің индикаторлар

жүйесі әдістемелік нұсқаулығына сәйкес бес дағды бойынша жасалынған.

Диагностикалар жазылған. Тәрбиеленушінің білім деңгейінің өлшеуіштері бес білім дағды бойынша тәрбиешілер жүргізіп, әдіскер тарапынан қорытындыланған.

ACE Scanner

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025ж (оқу жылының қыркүйек,ақпан, мамыр айларын) оқу жылдары бойынша топтарда балалардың біліктілік даму деңгейінің көрсеткіші (индикатор) толтырылған. Мектепке дейінгі ұйымда білім беру салалары бойынша балалар даму деңгейінің жалпы қорытындысында шығарылған түзету жұмыстары бойынша тәрбиешілер тарапынан балалардың тіршілік әрекетін жоспарлау циклограммасында және мамандар тарапынан жеке баламен жұмыстар жоспарланған. Құзіреттілік даму индикаторларының диагностикасында анықталған

деңгейі төмен балалармен жүргізілетін жұмыс түрлері, яғи түзету жұмысы мамандар тарапынан жеке баламен жұмысты ұйымдастыру және тәрбиешілер мен балалар өмірін ұйымдастыру циклограммасында жоспарланған.

**Білім беру мазмұнының барлық дағды бойынша салыстырмалы кестесі**

| № | Білім беру мазмұны | 2023-2024 жыл | 2023-2024 жыл | 2024-2025 жыл |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Физикалық қасиеттерді дамыту | 80,2% | 90,2% | 100% |
| 2 | Коммуникативтік дағдыларды дамыту | 70,4% | 90,2% | 100% |
| 3 | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту | 75,6% | 90,6% | 100% |
| 4 | Шығармашылық дағдыларын. зерттеу іс-әрекетін дамыту | 70,8% | 90,6% | 100% |
| 5 | Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру | 75,2% | 90,2% | 100% |

3 жылдың индикатор карталары, диаграммасы, мониторингтері толық жинақталған. Тоқсандық білім деңгейінің бағалау көрсеткішіне байланысты түзету жұмыстары толық жүргізілген. Құзіреттілік даму индикаторларының диагностикасында анықталған деңгейі төмен балалармен жүргізілетін жұмыс түрлері мамандар тарапынан жеке баламен жұмысты ұйымдастыру

ACE Scanner

және тәрбиешілер мен балалардың тіршілік әрекеті мен тәрбиелеуді ұйымдастыру циклограммасында жоспарланып, жұмыстар нәтижесі педагогикалық сағат отырысында қарастырылған.

**4) Тәрбиеленушінің білімдерінің өлшеу құралдарының болуы;**

Тәрбиеленушінің білімдерінің өлшеу құралдары дидактикалық ойындар, проблемалық жағдайлар, баланы ҮІӘ-де бақылау ретінде жүргізілген. Педагогтар тематикалық әңгіме, ойын жаттығулар, карточкалар, ақпараттык –коммуникативтік технологиялар құралдары, сюжеттік ойындарын жеке топпен ұйымдастыру әдістерін қолданумен іске асырылған.

**5) Тәрбиеленушінің білімдерін бағалау тәртібі;**

Тәрбиеленушілердің білікті дамуын бағалау жүйесі жылына үш рет өткізілген (қыркүйек, ақпан, мамыр айларында). Тәрбиеленушілердің білім деңгейі мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартының талаптарына сәйкес жас ерекшелігі бойынша игерілілгендігі анықталды.

**6) Тәрбиеленушінің білімдерін бағалау критерилерінің болуы және қолданылуы;**

Педагогтар тәрбиеленушінің білімдерін бағалау критерилері дұрыс қолданып анықтай біледі, бірақ қорытындылануына әдістемелік көмек қажет етеді.

**Қорытынды:**

Баланың біліктілік даму деңгейінің көрсеткіші және индикаторлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Мектеп жасына дейінгі балалардың даму

құзіреттілігінің индикаторлар жүйесі әдістемелік нұсқаулығына сәйкес жасалынған. Педагогтар өзара тәжірибе алмасу бағытында ұйымдастырылған оқу іс қызметтерінеқатысып отырған, қатысым дәптерлері бар. Бақылау қорытындысы кеңестерде қаралған. Мектепке дейінгі ұйымда білім беру дағдылары бойынша балалар даму деңгейінің жалпы қорытындысында шығарылған түзету жұмыстары бойынша тәрбиешілер тарапынан балалардың тіршілік әрекетін жоспарлау циклограммасында және мамандар тарапынан жеке баламен жұмыстар жоспарланған.

ACE Scanner

## 9.Ғылыми-зерттеу жұмысы

**1) Білім беру бағдарламасымен анықталған, әдістемелік біріккен мақсаттар мен міндеттер қызметіне бағытталған басымдықтардың сәйкестігі. Білім беру мекемелеріндегі эксперименталды аумақтардың болуы. Соңғы 3 жылдағы инновациялық қызметтің бағдарламалары мен жоспарларын жүзеге асырудың толықтығы**

**Аудандық сараптау комиссиясымен бекітілген вариативті бағдарламар:**

| № | Бағдарлама | Мақсаты | Авторы | Бекітудің уақыты |
|---|---|---|---|---|
| **2024-2025 жыл** | | | | |
| 1 | “Жас экологтар»” | Балалардың туған табиғатқа деген жанашырлық көзккрксын оятып, қалыптастыру болып табылады | Кубентаева У.А. | 02.09.2024жыл |

**2) Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің облыстық және қалалаық әдістемелік семинарларға және конференцияларға қатысуы. Семинарлар, конференцияларғақатысқан педагогтар жоқ.**

**Ұсыныс:**

1.Педагог мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру және инновациялық әдістемелік жұмысты жүйелендіріп сапалы нәтижеге қол жеткізу.

2. Ғылыми-әдістемелік қызметтерін жобалау және жұмыстарының нәтижелілігі мен тиімділігін көрсету.

3. Бөбекжай- бақшасы педагогтарының білімін тереңдетіп, біліктіліккөрсеткіштерін арттыру.

PDF Scanner ACE Scanner

## 9.Ғылыми-зерттеу жұмысы

**1) Білім беру бағдарламасымен анықталған, әдістемелік біріккен мақсаттар мен міндеттер қызметіне бағытталған басымдықтардың сәйкестігі. Білім беру мекемелеріндегі экспериментальды аумақтардың болуы. Соңғы 3 жылдағы инновациялық қызметтің бағдарламалары мен жоспарларын жүзеге асырудың толықтығы**

**Аудандық сараптау комиссиясымен бекітілген вариативті бағдарламар:**

| № | Бағдарлама | Мақсаты | Авторы | Бекітудің уақыты |
|---|---|---|---|---|
| **2024-2025 жыл** | | | | |
| 1 | "Жас экологтар»" | Балалардың туған табиғатқа деген жанашырлық көзккрксын оятып, қалыптастыру болып табылады | Кубентаева У.А. | 02.09.2024жыл |

**2) Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің облыстық және қалалаық әдістемелік семинарларға және конференцияларға қатысуы. Семинарлар, конференцияларғақатысқан педагогтар жоқ.**

**Ұсыныс:**

1.Педагог мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру және инновациялық әдістемелік жұмысты жүйелендіріп сапалы нәтижеге қол жеткізу.

2. Ғылыми-әдістемелік қызметтерін жобалау және жұмыстарының нәтижелілігі мен тиімділігін көрсету.

3. Бөбекжай- бақшасы педагогтарының білімін тереңдетіп, біліктіліккөрсеткіштерін арттыру.

PDF Scanner ACE Scanner

## 10. Білім беру процесіне қатысушылардан сауалнамасы

Білім беру процесіне қатысушылардан сауалнама алынып, олардың нәтижесі төмендегідей болады.

| **Сауалнама сұрақтары** | **Толық келісемін** | **Келісемін** | **Келіспеймін** | **Толық келіспеймін** |
|---|---|---|---|---|
| 1.Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады | **80%** | **20%** | | |
| 2.Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар | **60%** | **40%** | | |
| 3.Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз | **80%** | **20%** | | |
| 4.Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог)қызметіне | **60%** | **40%** | | |

PDF Scanner ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қанағаттанасыз | | | | |
| 5.Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды | **60%** | **40%** | | |
| 6.Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба | **80%** | **20%** | | |
| 7.Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді | **40%** | **60%** | | |
| 8.Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген | **60%** | **40%** | | |
| 9.Сіз балаңыздың | **60%** | **40%** | | |

PDF Scanner ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз | | | | |
| 10.Топ ата-аналармен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т.б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселерінде консультациялық көмек көрсетіледі | **60%** | **40%** | | |
| 11.Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз | **60%** | **40%** | | |

ACE Scanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 12. Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе | **20%** | **60%** | **20%** | |
| 13. Ергер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз | **33%** | **67%** | | |
| Қатысқан ата-аналар саны: 15 | | | | |

Өзін-өзі мемлекеттік аттестаттау комиссиясы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмыстарын, тәрбиеленушілер білімдерінің деңгейін тексеру, материалдықәлеуметтік базасының жағдайы және кадрлардың кәсібилігін жан-жақты талдап, №8 «Болашақ» бөбекжай- бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынын **«аттестаттауды»** ұсынады.

PDF Scanner ACE Scanner